Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратын, оның филиалдарын және өкілдігін қоса алғанда жалпы штат саны 2161 бірлік болып бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 17.08.2022 № 985 Жарлығымен.

3. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1271 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 06.09.2025 № 984 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Қазақстан Ұлттық Банкі) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, мемлекеттің ақша-кредит саясатын (бұдан әрі – ақша-кредит саясаты) әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды, статистикалық қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдарын және өзге де тұлғаларды және Қазақстан

Республикасының қаржылық заңнамасы саласындағы мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері және ерекшелік белгілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрлері мен қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарымен (бұдан әрі – Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары) бірге тікелей бағыну схемасындағы біртұтас орталықтандырылған құрылымды құрайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары (бұдан әрі – филиал) Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің шешімімен ашылады, оған есеп береді және өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітетін филиалдың құрылымына құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктері Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережеде айқындалатын бөлімдер мен басқа да бөлімшелер кіруі мүмкін.

Филиал өз қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитеті мен Директорлар кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Ұлттық Банкінің бұйрықтарын, өкімдерін, осы Ережені және Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережені басшылыққа алады.

Филиалды ашу және жабу тәртібі, оның өкілеттіктері, міндеттері мен функциялары Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалы туралы ережеде және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Филиалдың қызметіне басшылықты Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымға тағайындайтын (лауазымнан босататын) оның директоры жүзеге асырады.

Филиалдың директоры өз қызметін филиал туралы ереже және Қазақстан Ұлттық Банкінің сенімхаты негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де ашылады және Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Ұлттық Банкінің мүдделерін қорғауды және білдіруді жүзеге асырады.

Өкілдіктерді ашу, жабу тәртібі, олардың өкілеттіктері және құқықтық мәртебесі Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдіктері туралы ережелерде айқындалады.

Өкілдіктің қызметіне басшылықты Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымға тағайындайтын (лауазымнан босататын) өкілдік басшысы жүзеге асырады.

Өкілдік басшысы өз қызметін өкілдік туралы ереже және Қазақстан Ұлттық Банкінің сенімхаты негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ішкі қызметіне байланысты өзге де мәселелер Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмыс регламентінде, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде және Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де құқықтық актілерінде белгіленеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары республикалық заңды тұлғалар болып табылады, республикалық мемлекеттік кәсіпорындар нысанында құрылады, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады және Қазақстан Ұлттық Банкінің біртұтас орталықтандырылған құрылымына кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзі құратын ұйымдарға қатысты олардың құрылтайшысы және олардың қызметін реттеу және аталған ұйымдардың құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктерді қоса алғанда, оларға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзі құратын ұйымдар қызметінің нысанасын және мақсаттарын, сондай-ақ олардың түрін (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы) дербес айқындайды, олардың жарғыларын, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту, жарғылық капиталын ұлғайту не азайту, тарату және иеліктен шығару туралы шешімді Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдарын және олардың органдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату тәртібі, олардың қызметінің мәні мен мақсаттары, құқықтық мәртебесі мен жарғылық құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымдардың жарғыларында, осы Ережеде және Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде айқындалады.

Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының қызметіне басшылықты Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қызметке тағайындайтын (қызметтен босататын) оның басшысы жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жарғысын Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының өз мөрі және белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Қазақстан Ұлттық Банкі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жасайды.

5. Егер Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жасауға құқығы бар.

6. Қазақстан Ұлттық Банкі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрықтарымен, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің, Директорлар кеңесінің қаулыларымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын және жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

8. Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T8F6, Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты.

9. Ереже Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

11. Қазақстан Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Ережеде белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Қазақстан Ұлттық Банкі ақылы негізде банктік операциялар және басқа да көрсетілетін қызметтерді жүргізуге құқылы. Көрсететін қызметтерінің түрлері мен ақысының мөлшерлерін Қазақстан Ұлттық Банкі дербес айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын, өзге де қорлар мен ұйымдардың активтерін басқару бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға көрсетілетін банктік және өзге де қызметтер үшін ақы алмайды.

2-тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;

2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;

4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

5) ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағындағы қаржы ұйымдарының, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

кез келген жеке және заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарынан, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарынан, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарынан, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымдардың филиалдарынан (өкілдіктерінен), сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты, оның ішінде қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді сұрату және өтеусіз алу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде тексерулер және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу;

Қазақстан Ұлттық Банкінің ішкі қызметін, сондай-ақ ол құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейтін нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдау;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;

қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру;

Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппаратының бөлімшелеріне, филиалдарына, өкілдіктеріне және ұйымдарына, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі жалғыз акционері болып табылатын акционерлік қоғамдарға ішкі аудитті және олардың қызметін тексеруді жүзеге асыру;

Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

Қазақстан Ұлттық Банкі:

1) ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;

2) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарады;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру тәртібін айқындайды;

5) Қазақстан Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операцияларды жүргізу тәртібін айқындайды;

6) төлем жүйелерінің ұйымдастырылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

7) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды, сақтауды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құрады;

8) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың үй-жайларды жайластыруға қойылатын талаптарды сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

9) банкаралық ақша аударымдары жүйесін, банкаралық клиринг жүйесін және пайдаланушылар арасында Қазақстан теңгесімен ақша аударымдарын жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да төлем жүйелерін реттейді және қадағалауды (оверсайт) жүзеге асырады;

10) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, төлемдер мен ақша аударымдарын реттеу мақсатында банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және кәсіпкерлік қызмет субъектілері банктік шоттар бойынша жүзеге асыратын төлемдердің кезектілігін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу бойынша белгілейді;

11) Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады;

12) ұйымдық-құқықтық нысанға қойылатын талаптарды, құрылтайшыларға (қатысушыларға) қойылатын талаптарды, оның ішінде олардың жарғылық капиталға салымдарының шығу көздерін ашуды, жарғылық капиталдың мөлшеріне және оны қалыптастыру тәртібіне, сондай-ақ банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың үй-жайына, техникалық құралдарына, жабдығына және қызметкерлеріне қойылатын талаптарды

қамтитын, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

13) екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды;

14) екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыруды қоса алғанда, кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

15) Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарымен бірлесіп кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуын реттеуді жүзеге асырады;

16) төтенше жағдай енгізілген кезеңде Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қаржы ұйымдарының, төлем жүйелері операторларының, төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсетуінің ерекше тәртібі мен шарттарын енгізуді, оның ішінде олар қолданатын комиссияларды реттеуді көздейтін реттеудің арнаулы режим енгізуге құқылы;

17) шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқаруды қамтамасыз етеді;

18) бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін аффинирленген алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларына (үлгілеріне) бақылау сынақтарын жүзеге асырады;

20) меншік иелері қаржы ұйымдары, бағалы металдармен және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар өзге де тұлғалар болып табылатын, бағалы металдардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларын (үлгілерін) сақтауды және сынауды жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (келіп түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдауды, қабылдауды, есепке алуды, сақтауды жүзеге асырады;

22) дербес және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарымен бірлесіп, олардың құзыреті шеңберінде жүйелік тәуекелдерді реттеуді жүзеге асырады;

23) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен:

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

23) тармақшаның үшінші абзацы 01.01.2026 дейін қолданыста болады – ҚР Президентінің 06.09.2025 № 984 Жарлығымен.

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау процестерін Қазақстан Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкі бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражаты есебінен ақпараттық жүйелер құру, оларды дамыту және сүйемелдеу арқылы автоматтандыру, сондай-ақ осындай ақпараттық жүйелерді дамыту және сүйемелдеу мәселелері бойынша;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері шеңберінде, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында құрылған ақпараттық жүйелерді қоса алғанда, ақпараттық жүйелерге өзара қол жеткізу жолымен ақпарат алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

24) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат пен мәліметтерді қоса алғанда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі өзінің өкілеттіктерін іске асыруға қажетті әкімшілік деректерді, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы береді;

25) Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің жұмыс органының функцияларын жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің функцияларына жататын мәселелер бойынша ұсыныстарды қалыптастырады;

26) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында:

қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларға тұрақты мониторинг жүргізеді;

макропруденциялық саясатты қалыптастырады;

Ұлттық Банк туралы заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды береді;

екінші деңгейдегі банктермен Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен, шарттарда және мерзімдерде туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүргізеді;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыздар береді;

28) статистикалық әдіснаманы әзірлейді, ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығының статистикасы және сыртқы сектор статистикасы (төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш) жөніндегі статистикалық ақпаратты қалыптастырады және таратады;

29) сыртқы сектор статистикасы бойынша статистикалық нысандарды әзірлейді, статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді; сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласында бақылауды жүзеге асырады;

30) валюталық реттеу және валюталық бақылау, ақша-кредит статистикасы, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында әкімшілік деректерді (қаржылық және өзге де есептілікті) жинауды және өңдеуді жүзеге асырады және оларды ұсыну тәртібін айқындайды;

31) Ұлттық Банк туралы заңға, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес құзыреті шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын және өзге де тұлғаларды реттеуді, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

32) мыналарға:

өз қызметін тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына;

банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия береді (беруден бас тартады), қайта ресімдейді, тоқтата тұрады және одан айырады;

33) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкіне арналған бухгалтерлік есеп саясаты мен әдістерін айқындайды;

34) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының, бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

35) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың және төлем ұйымдарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты тіркеу, сақтау және беру, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, қаржы мониторингіне жататын операцияларды тоқтата тұру және оларды жүргізуден бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде сақтауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі бақылаудың ұйымдастырылуын және іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

36) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, төлем жүйелерінің операторлары және төлем жүйелерінің операциялық орталықтары болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

37) құзыреті шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін тексерілетін субъектілердің қызметін тексеруге қатысады;

38) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын және қаржы ұйымдары болып табылмайтын резиденттерге және бейрезиденттерге, төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге шектеулі

ықпал ету шараларын, қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де шараларды қолданады және оларды қолдану тәртібін айқындайды;

39) ерекше реттеу режимін енгізу және оның күшін жою, ерекше реттеу режимі шеңберінде цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

40) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу бойынша оның мемлекеттік борышына қызмет көрсетуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік борышына қызмет көрсетеді;

41) Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілейді және жариялайды;

42) ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асырады;

43) банк қызметін, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызметті және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де қызметті тиісті лицензиялар алмай-ақ жүзеге асырады;

44) банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды;

45) Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

46) Қазақстан Ұлттық Банкі заңды тұлғалармен жасайтын сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде заңды тұлғалардың активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

47) Қазақстан Ұлттық Банкі мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

48) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетеді;

49) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өзінің ақпараттық жүйелері мен ресурстарынан мәліметтер ұсынады;

50) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен қаржы ұйымдары үшін кадрлар даярлауға қатысады;

51) Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

52) банктік сәйкестендіру кодтарын береді, олардың күшін жояды және пайдаланылуын айқындайды, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын береді және күшін жояды, олардың құрылымын белгілейді, сондай-ақ Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастырады және жүргізеді;

53) Қазақстан Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құрады;

54) мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарына көрсетілетін қызметтерді беру үшін пайдаланылатын қаржы нарығы және қаржы ұйымдары жөніндегі ақпараттың толықтығы мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында оларға тиесілі ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, өзінің еншілес ұйымдарымен ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

55) Қазақстан Ұлттық Банкіне бекітіп берілген мүлікті иеліктен шығару және пайдалануға беру тәртібін айқындайды;

56) Қазақстан Ұлттық Банкі акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) болып табылатын мемлекеттің бақылауындағы акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және олар құрған мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын, оларды іске асыруды мониторингтеу мен бағалау , сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу, бекіту тәртібін айқындайды;

57) Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің негізгі бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

58) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қаржылық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

59) Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржылық және операциялық тәуекелдерін басқару жүйесінің болуын және оны жаңартуды қамтамасыз етеді;

60) Қазақстан Республикасының халықаралық шарты, жасырын ақпаратпен алмасуды көздейтін шарт негізінде және соларға сәйкес құзыреті шегінде басқа мемлекеттердің орталық банктерімен, бақылау және қадағалау органдарымен, халықаралық және өзге де ұйымдармен ынтымақтасады және жасырындылықты сақтай отырып, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны, банктік құпияны, сақтандыру құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен алмасуға құқылы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген өзге де ұйымдар деп банк секторының қызметін, бағалы қағаздар нарығын және сақтандыру нарығын реттеудің бірыңғай стандарттарын әзірлеу мақсатында құрылған басқа мемлекеттердің орталық банктерінің, бақылау және қадағалау органдарының бірлестіктері түсініледі;

61) төлем жүйелерінің, көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің, төлем ұйымдарының тізілімдерін жүргізеді;

62) ақша-кредит саясаты, қаржылық тұрақтылық және өз қызметіне байланысты басқа да бағыттар саласында зерттеулер жүргізеді;

63) Ұлттық Банк туралы заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, басқа жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;

64) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

65) Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Қазақстан Ұлттық Банкі бірінші басшысының, оның орынбасарларының, сондай-ақ алқалы органдардың мәртебесі, өкілеттіктері

15. Қазақстан Ұлттық Банкін басқаруды Төраға жүзеге асырады, ол Қазақстан Ұлттық Банкіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

16. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен 6 жыл мерзімге тағайындайды және оны лауазымынан Қазақстан Республикасының Президенті босатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

17. Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының өкілеттіктері:

1) Ұлттық Банк туралы заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасына, Ақша-кредит саясаты комитетіне және Директорлар кеңесіне арналған осы Ережеде

келісілген өкілеттіктерді қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің барлық мәселелері бойынша жедел және атқарушы-өкімдік шешімдер қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындауы үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы орынбасарларының кандидатураларын ұсынады;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінен сайланған Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқарма мүшелерін тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Ұлттық Банкінің лауазымды тұлғаларын тағайындайды және оларды жұмыстан шығарады, көзге түскен қызметкерлерді көтермелейді, тәртіптік жаза қолданады;

5) республикада және одан тыс жерлерде өз құзыреті шегінде Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан өкілдік етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің және Директорлар кеңесінің қаулылары негізінде және (немесе) оларды орындау үшін Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің және Директорлар кеңесінің қаулыларына қол қояды;

7) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитетінің және Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

8) Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары арасында міндеттерді бөледі, өз орынбасарларының және Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары басшыларының тапсырылған жұмыс учаскесіндегі істің жай-күйі үшін жауаптылық дәрежесін белгілейді;

9) Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті мен Директорлар кеңесінің құрамын бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Ұлттық Банкінің жалпы штат саны негізінде Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының, филиалдарының және өкілдіктерінің штат кестелерін бекітеді;

11) ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері және орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

12) қауіпсіздік бөлімшесі орындаған жұмыс туралы жыл сайынғы есепті қарайды;

13) Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан шарттар (келісімдер, келісімшарттар) жасасады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық мүлкі мен қаражатына билік етеді, Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан сенімхат береді, міндеттемелерге қол қою және сенімхаттар беру тәртібін белгілейді;

15) Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерін, филиалдарын, өкілдіктерін және ұйымдарын, сондай-ақ жалғыз акционері Қазақстан Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды тексеру нәтижелерін және ішкі аудит нәтижелерін қарайды;

16) жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шаралардың өткізілуін бақылайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы не оның орынбасары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қаралуы Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитеті мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ өз құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді шешуді өзінің орынбасарларына, Қазақстан Ұлттық Банкі орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларына, Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де лауазымды адамдарына тапсыруға құқылы.

Төрағаның орынбасарлары Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан сенімхатсыз өкілдік етеді, өз құзыреті шегінде құжаттарға қол қояды, өз құзыреті шегінде сенімхаттарды, оның ішінде соттарда істер қаралған кезде Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің қатысуы үшін сенімхаттарды береді. Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және өздеріне бөлінген функционалдық міндеттері негізінде мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің басшылары өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітілетін осы бөлімшелер туралы ережелер негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның орнындағы адам жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдауға міндетті және осы міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңда белгіленген жауаптылықта болады.

18. Басқарма, Ақша-кредит саясаты комитеті және Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің алқалы органдары болып табылады.

19. Басқарма Қазақстан Ұлттық Банкінің жоғары органы болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының өкілеттіктеріне Ұлттық Банк туралы заңның 15-бабында көзделген өкілеттіктермен қатар:

мынадай:

1) ең төмен резервтік талаптар туралы;

2) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сатуы және сатып алуы;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу;

6) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау;

7) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру;

8) банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге шектеулі ықпал ету шараларын қолдану;

9) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану;

10) қолма-қол ақша белгілерін ақша айналысынан алу;

11) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды қоса алғанда, кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыру;

12) тиісті уәкілетті органдармен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау

операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру;

13) ұйымдық-құқықтық нысанға қойылатын талаптарды, құрылтайшыларға (қатысушыларға) қойылатын талаптарды, оның ішінде олардың жарғылық капиталға салымдарының шығу көздерін ашуды, жарғылық капиталдың мөлшеріне және оны қалыптастыру тәртібіне, сондай-ақ банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың үй-жайына, техникалық құралдарына, жабдығына және қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қамтитын, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру;

14) Қазақстан Ұлттық Банкінде жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру;

15) банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеуі;

16) банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеуі;

17) операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеуі;

18) төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеуі;

19) Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану;

20) Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы;

22) екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізуі;

23) төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілетін операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды;

24) Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру;

25) Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізуі;

26) Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды;

27) Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу;

28) клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу;

29) Қазақстан Ұлттық Банкінде заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу;

30) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану;

31) Қазақстан Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату;

32) банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана " халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату;

33) төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру;

34) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру ;

35) нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын, жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтерді ұсынуы;

36) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру;

37) банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсетуі;

38) нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді ұсыну;

39) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу;

40) төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу;

41) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу;

42) Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру;

43) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру;

44) Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу;

45) шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсынуы;

46) банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының металл шоттарды ашуы, жүргізуі және жабуы;

47) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша, нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын, қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері жөніндегі есептілікті ұсынуы;

48) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, кезеңділігі мен ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын қаржы нарығы субъектілерінің есептілікті ұсынуы қағидаларын бекіту жатады. Осы тармақшаның мақсатында есептілікті ұсынатын қаржы нарығының субъектілеріне қаржы ұйымдары мен олардың ірі қатысушылары, банк холдингтері, банк конгломераттары, сақтандыру холдингтері, сақтандыру топтары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, кредиттік бюролар және коллекторлық агенттіктер жатады;

49) Қазақстан Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимі шеңберінде ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыру;

50) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін конвертациялау немесе қайта конвертациялау;

51) Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау және активтерді сыртқы басқаруға беру;

52) бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін аффинирленген алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру;

53) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинаждалғаннан кейін алу;

54) Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату;

55) Қазақстан Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер жүргізетін қызметтік іссапарлар, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі өтемақы төлемдерінің мөлшерлері мен тәртібін айқындау;

56) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иелену қағидаларын бекіту;

мыналарға:

1) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар жүзеге асыратын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру қызметіне;

2) төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға;

3) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды;

4) банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына;

5) банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне;

6) төлем ұйымдарына арналған, сондай-ақ қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),

терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту;

мыналарды:

1) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын;

2) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп, валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібін;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақша алу сомасының шекті мөлшерлерін, сондай-ақ банктік шоттардан қолма-қол ақша алу жөніндегі талап қолданылмайтын кәсіпкерлік субъектілерін;

4) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақша алу, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны белгіленген шекті мөлшерлерден асырып алу шарттары айқындалатын қағидаларды, сондай-ақ нысандарын, тізбесін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны белгіленген шекті мөлшерлерден асырып алуы туралы мәліметтер мен ақпаратты салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсыну тәртібін;

5) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы құқықтық актіні;

6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды;

7) банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін;

8) маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін;

9) көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын көрсеткіштерді;

10) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын;

11) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ведомстволық статистикалық байқау нысандарын және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды;

12) барлық қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, Қазақстанның Даму Банкі орындауға міндетті бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарларын, бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды, бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын;

13) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен реттелмеген мәселелер бойынша қаржылық есептілік стандарттарын, сондай-ақ оларға әдістемелік ұсынымдарды;

14) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын компьютерлік жүйелердің бақылау чегінің нысандары мен мазмұндарын;

15) валюталық реттеу, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, ақша-кредит статистикасын қалыптастыру, қаржы ұйымдарын және олардың үлестес тұлғаларын, кредиттік бюроларды және коллекторлық агенттіктерді, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын, Қазақстанның Даму Банкін реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді;

16) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің құжаттарды іріктеу өлшемшарттарын және оларды қарау тәртібін;

17) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге

асыру қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы есепті;

18) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын;

19) Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияны;

20) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару операцияларын есепке алу жөніндегі есеп саясатын;

21) ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінде ішкі аудитті ұйымдастыру және жүргізу тәртібін;

22) Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және олардың күшін жоюы, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және олардың күшін жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты;

23) Қазақстан Ұлттық Банкінің террористік тұрғыдан осал объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты;

24) Қазақстан Ұлттық Банкінің регламентін;

25) Ұлттық Банк туралы заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де құқықтық актілерін бекіту жатады;

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы:

1) ақша-кредит саясатын мақұлдайды;

2) инфляция бойынша орта мерзімді перспективаға арналған нысаналы бағдарларды белгілейді;

3) ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді;

4) макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейді;

5) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын, оның ішінде басқа елдердің тапсырыстары бойынша банкноттары мен монеталарын

дайындау, айналысқа шығару, айналыстан алу, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны немесе нысаны өзгерген кезде оларды ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны (нысаны) өзгерген кезде олардың қатар айналыста болу кезеңін белгілейді;

8) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен монеталардың номиналдық құнын және дизайнын айқындайды;

9) коллекциялық және инвестициялық монеталарды шығару тақырыбын, дайындау таралымын, қорытпасын, шығарылатын мерзімдері мен күнін айқындайды;

10) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілейді;

11) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар үшін жарғылық капиталдарының мөлшерін және оларды қалыптастыру тәртібін белгілейді, сондай-ақ төлем ұйымының жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін белгілейді;

12) шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді, олардың құрылымын қоса алғанда, басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды;

13) монетарлық қызметке жататын қызметті айқындайды;

14) Қазақстан Ұлттық Банкі қызмет көрсететін заңды тұлғалардың санаттарын айқындайды;

15) Ұлттық Банк туралы заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды беру және мерзімін ұзарту туралы мәселені қарайды;

16) орталық контрагентке өтімділік беру тетігін айқындайды;

17) дербес не қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған бағдарламаларды бекітеді;

18) ұйымдарды, акционерлік қоғамдарды, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруына ықпал ететін және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын ұйымдарды құру және олардың қызметіне қатысу, сондай-ақ олардың атауын өзгерту, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

19) Ұлттық Банк туралы заңға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық және өзге де ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдайды;

20) құзыреті шегінде ерекше және (немесе) арнаулы реттеу режимін енгізу туралы шешім қабылдайды;

21) құзыреті шегінде ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгі шартты бекітеді;

22) құзыреті шегінде ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты қарайды және мақұлдайды;

23) Қазақстан Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құру туралы шешім қабылдайды;

24) аудиторлық тексерулердің орта мерзімді жоспарын және ішкі аудит бөлімшесінің жылдық есебін бекітеді;

25) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу және сақтау үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің шоттары ашылатын шетелдік кастодиандарды айқындайды;

26) мынадай:

Қазақстан Ұлттық Банкінің клиенттер активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы;

Қазақстан Ұлттық Банкінің брокерлік қызметті жүзеге асыруы;

Қазақстан Ұлттық Банкінің дилерлік қызметті жүзеге асыруы;

Қазақстан Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі;

Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізуі тәртібін айқындайды;

27) Қазақстан Ұлттық Банкінің акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға не азайтуға, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестерін үшінші тұлғалардан сатып алуға не үшінші тұлғаларға иеліктен шығаруға келісім береді;

28) Ұлттық Банк туралы заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда қарыздар беру және олардың мерзімін ұзарту туралы мәселені қарайды;

29) Қазақстан Ұлттық Банкі берген қарыздар бойынша банктердің және басқа да ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкінің алдындағы берешегін қайта құрылымдау шарттарын айқындайды;

30) Қазақстан Ұлттық Банкінің соңғы сатыдағы қарыздар бойынша талаптарын соттан тыс тәртіппен қанағаттандыру мәселелерін қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды;

31) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шамасын жыл сайын бекітеді;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жарғысымен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері (жалғыз акционері) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

33) Қазақстан Ұлттық Банкі заңды тұлғалармен жасасатын сенімгерлік басқару туралы шарттар негізінде активтерді сенімгерлік басқаруға қабылдау туралы шешім қабылдайды;

34) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі шешімдерді жедел қабылдау өкілеттігіне кіретін Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі лауазымды адамды (өкілетті өкіл) айқындайды;

35) Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына кіргізу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметшілері болып табылмайтын адамдарға қойылатын талаптарды бекітеді;

36) Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті, Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын қарайды, мақұлдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;

37) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары бар тізбесін, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жалпы штат санын бекітеді;

38) Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарайды және бекітеді;

39) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетін (шығыстар сметасын) бекітеді;

40) жарғылық және (немесе) резервтік капиталдарды қалыптастыруға жіберілетін, бөлінбеген таза кірістің мөлшерін белгілейді;

41) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін бекітеді;

42) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының және оның орынбасарларының лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін бекітеді;

43) Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамсыздандыру шарттарын бекітеді;

44) Қазақстан Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекітеді;

45) жүйелі қаржы дағдарысы туындаған немесе туындау қаупі төнген жағдайда, дербес немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып, қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеу енгізеді;

46) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекітеді;

47) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен статистикалық әдіснаманы әзірлейді, қалыптастырады және бекітеді;

48) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметін қаржыландыру туралы шешім қабылдайды;

49) Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген, Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктер мен функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы Ұлттық Банк туралы заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және осы Ережеде айқындалған, Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне кіретін кез келген мәселені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының отырыстары Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес қажеттілігіне қарай өткізіледі. Басқарманың отырыстарын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, ол болмаған жағдайда оның орнындағы адам жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының жұмыс тәртібі оның регламентінде айқындалады.

20. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын орган болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің өкілеттіктері:

1) базалық мөлшерлемені белгілейді;

2) ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілейді;

3) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын ақша-кредит саясатының өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары, функцияларына ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелері кіретін Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де бөлімшелерінің басшылары кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметшілері болып табылмайтын, Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітетін талаптарға сәйкес келетін адамдар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамы мен жұмыс регламентін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің отырыстарында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы төрағалық етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

21. Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің жедел басқару органы болып табылады және Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының, Ақша-кредит саясаты комитеті мен Төрағасының (немесе оның орынбасарларының) құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің құзырындағы мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де лауазымды адамдары кіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің өкілеттіктері:

1) Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жарғыларын және олардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарын бекітеді;

2) ішкі аудит және қауіпсіздік бөлімшелерінің есептерін қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, филиалдарының және өкілдіктерінің атқарылған жұмысы туралы есептерін тыңдайды;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, атауын және құқықтық мәртебесін өзгерту, жарғылық капиталын ұлғайту не азайту, тарату және иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

4) Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған кезде Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды;

6) Қазақстан Ұлттық Банкінің еншілес ұйымдары үшін:

тізбесін, нысандары мен мерзімдерін қоса алғанда, қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін;

бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері жөніндегі құқықтық актілерді;

бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын;

Қазақстан Ұлттық Банкінің еншілес ұйымдарының бірыңғай есеп саясатын қолдану тәртібін;

еншілес ұйымдардың мүлкін түгендеу тәртібін;

еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі деректерінің ашықтығы мен анықтығына байланысты мәселелер жөніндегі өзге де актілерді бекітеді;

7) Қазақстан Ұлттық Банкіндегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

8) Қазақстан Ұлттық Банкіндегі банктік шот нөмірінің құрылымын айқындайды;

9) Қазақстан Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорындар шығаратын және өткізетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағасын келіседі немесе белгілейді;

10) Қазақстан Ұлттық Банкінің чек кітапшасының құнын белгілейді;

11) мыналарды:

Қазақстан Ұлттық Банкінің техникалық қызметшілері лауазымдарының тізбесін;

Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық қызметі, ішкі қызметі, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлікті пайдалануға, бюджетті (шығыстар сметасын) жасауға және пайдалануға, ол құрылтайшы (уәкілетті орган) не акционер болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін жүзеге асыруға, клиенттерге қызмет көрсетуге, қолма-қол ақша айналысын және эмиссиялық-кассалық операцияларды ұйымдастыруға, құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуге, валюталық операциялардың мониторингі шеңберінде құжаттармен жұмыс істеуге және төлем балансының статистикасын қалыптастыру мақсаттары үшін статистикалық және әкімшілік деректерді жинау бойынша жұмыс істеуге, еңбек қатынастарына және еңбекке тікелей байланысты қатынастарға және Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелерге байланысты қызметі мәселелері жөніндегі актілерді;

Қазақстан Ұлттық Банкінің бухгалтерлік есебін жүргізу, жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын жасау тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын жасау тәртібін;

төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялық күнін басқару, Қазақстан Ұлттық Банкі операторы болып табылатын төлем жүйелерінде төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу, сондай-ақ чек кітапшаларын дайындау, есепке алу, сақтау және беру мәселелері жөніндегі актілерді;

Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын, даму жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарының аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілігін;

бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін мемлекеттің аффинирленген алтынды сатып алуға басым құқығын іске асыру шеңберінде сатып алынатын аффинирленген құйма алтын бағасына дисконттың (сапасы үшін шегерімдер және жеңілдік) мөлшерлемелерін;

Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялық күн графигін, Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтер үшін төленетін ақының түрлері мен мөлшерлерін;

Қазақстан Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісін бөлу қағидаларын;

Қазақстан Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін бизнес-жоспарлау жөніндегі қағидаларды;

Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы қағидаларды;

Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепілге қабылдайтын нарықтық активтердің тізбесі және оларға берілетін дисконттар;

Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепілге қабылдайтын нарықтық емес активтердің құнына берілетін дисконттарды есептеу және белгілеу әдістемесін;

Қазақстан Ұлттық Банкі бөлімшелерінің соңғы сатыдағы қарыздарды беру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібін бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының және Ақша-кредит саясаты комитетінің айрықша құзыретіне жатпайтын кез келген өзге мәселені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына бір реттен сиретпей өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырыстарын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда оның орнындағы адам жүргізеді.

Директорлар кеңесі өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды. Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібі оның регламентінде айқындалады.

4-тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің мүлкі

22. Қазақстан Ұлттық Банкі өзінің балансындағы мүлікті Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіппен иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

23. Қазақстан Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы мен резервтері жарғылық және резервтік капиталдардан, қайта бағалау шоттарынан, провизиялардан (резервтерден) тұрады. Жарғылық және резервтік капиталдарды, қайта бағалау шоттарын, провизияларды (резервтерді) қалыптастыру Ұлттық Банк туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Қазақстан Ұлттық Банкін қайта ұйымдастыру және жою (тарату)

25. Қазақстан Ұлттық Банкін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының тиісті заңын қабылдау арқылы жойылуы (таратылуы) мүмкін. Қазақстан Ұлттық Банкі жойылған (таратылған) жағдайда, оның мүлкі Қазақстан Республикасының тиісті заңында көрсетілген құқықтық мирасқорына беріледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1271 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Ескерту. Құрылым жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 23.04.2019 № 31; өзгерістер енгізілді – ҚР Президентінің 06.10.2022 № 1037; 15.08.2023 № 305 Жарлықтарымен.

1. Орталық аппарат:

1) департаменттер;

2) басқармалар

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары:

1) орталық филиал (Астана қаласы);

2) республикалық маңызы бар қалаларда – Алматы мен Шымкент;

3) Қазақстан Республикасының облыстық маңызы бар қалаларында;

4) Алматы қаласындағы кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары:

1) алып тасталды - ҚР Президентінің 15.08.2023 № 305 Жарлығымен.

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

3) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдіктері

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1271 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылды деп танылған кейбір Жарлықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығы .

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 мамырдағы N 400 Жарлығы .

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 587 Жарлығы .

4. "Қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 654 Жарлығының 4-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 21 тамыздағы N 668 Жарлығы .

6. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 872 Жарлығының 3-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 15 тамыздағы N 924 Жарлығы .

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 188 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1009 Жарлығы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК